



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

INTOSAI-ҒА МҮШЕ ЖАО-НЫҢ КЕЛІСІЛГЕН АУДИТТІ ЖҮРГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

Б.А.Алибекова, А.Н. Мақсом

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

(E-mail: alibekova_ba@enu.kz, MaksotAida@mail.ru)

Аннотация. Мемлекеттік аудиттің маңыздылығы халықаралық деңгейде күннен күнге артып, онсыз елдің дамуын елестеті мүмкін еместей болып барады. Себебі, мемлекеттік аудиттің арқасында өзекті мәселелерге қатысты тексерістер жүргізіліп, қателіктер, бұзушылықтар анықталып, олардың алдын алу мүмкін. Ал бұзушылықтарды анықтау, оларды жоюға кеңестер беру әр елдің ЖАО-ның міндетінің бірі болып табылады. Сондықтан, бұл мақалада мемлекеттік аудит органдарын біріктіретін басты ұйым INTOSAI-ға мүше мемлекеттердің ЖАО-ның тәжірибесі қарастырылды. Соның ішінде, қазіргі таңда өзекті аудит түрі келісілген аудитті зерттеп, Австралия, Ресей, Украина және Қазақстанның тәжірибелеріндегі өзгешеліктерге тоқталдық. Келісілген аудитке анықтама беріп, елімізде қолданыстағы келісілген аудит түрлерін қарастырдық. Нәтижесінде, Австралия мемлекетінің кемшіліктерін анықтап, оны түзету жолдарын ұсынып, басқа ел тәжірибелерінен елімізге енгізуге болатын жақтарын ұсындық.

Түйін сөздер. Келісілген аудит, үйлестірілген аудит, INTOSAI, елдер ынтымақтастығы, ТМД

Аннотация. Значимость государственного аудита на международном уровне растет день ото дня, без которого невозможно представить развитие страны. Ведь благодаря государственному аудиту проводятся проверки по актуальным вопросам, выявляются ошибки, нарушения, и возможные пути их предотвращения. А выявление нарушений, консультирование по их устранению – одна из задач БОА каждой страны. Поэтому в данной статье рассмотрен опыт БОА государств-членов INTOSAI, главной организации, объединяющей органы государственного аудита. В частности были рассмотрены нюансы согласованного аудита в практике Австралии, России, Украины и Казахстана. Было дано определение согласованному аудиту и рассмотрены виды согласованных аудитов, действующие в нашей стране. В результате выявив недостатки Австралийского государства, были предложены пути его исправления и способы проведения согласованного аудита, которые можно внедрить в нашу страну из опыта других стран.

Ключевые слова. Согласованный аудит, скоординированный аудит, INTOSAI, сотрудничество стран, СНГ

Annotation. The importance of state audit at the international level is growing day by day, without which it is impossible to imagine the development of the country. After all, thanks to the state audit, inspections are carried out on topical issues, errors, violations are identified, and possible ways to prevent them. The identification of violations, consulting on their elimination is one of the tasks of the SAI of each country. Therefore, this article examines the experience of the SAI of the INTOSAI member states, the main organization uniting state audit bodies. In particular, the nuances of the coordinated audit in the practice of Australia, Russia, Ukraine and Kazakhstan were considered. The definition of a coordinated audit was given and the types of coordinated audits operating in our country were considered. As a result, having identified the shortcomings of the Australian state, ways of correcting it and ways of conducting a coordinated audit were proposed, which can be implemented in our country from the experience of other countries.

Keywords. Coordinated audit, coordinated audit, INTOSAI, cooperation of countries, CIS

Кез-келген мемлекет үкіметінің міндеті халқының өмір сүруіне барынша қолайлы, қауіпсіздігіне әрі білім алуына ыңғайлы жағдай жасау болып табылады. Сол міндеттерін орындау кезінде тиісті министрліктер мәселелерді

шешуге қажетті бағдарламалар қарастырады. Бағдарламаларды іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттен қаражаттар бөлінеді. Ал бұл қаражаттың, әсіресе республикалық бюджеттің орындалуын бақылау, бағдарламалардың іске асырылуын тексеру әр мемлекеттің Жоғары аудит органдарының (ЖАО) міндеті болып табылады. Бұл мақалада осы ЖАО-ның жүргізетін аудитінің бірі келісілген аудитті қалай жүргізетіндігін және INTOSAI-ға мүше кейбір елдердің ЖАО-ларының тәжірибелерін салыстырып, еліміздің тәжірибесіне енгізуге болатын тұстарын қарастыратын боламыз.

Алдымен, INTOSAI қандай ұйым және оған қандай мемлекеттер кіреді деген сұрақтарға жауап берелік. INTOSAI- 1953 жылы тұрақты мекеме ретінде құрылған автономды, тәуелсіз, кәсіби және саяси емес ұйым. [1] Бастапқыда оған 34 мемлекет кірді және 2020 жылғы есепке сәйкес, оның құрамына Еуропалық аудиторлар палатасы мен 5 қауымдасқан мүшелерді қоса алғанда, ұйымның 195 толық мүшесі кіреді. Бас хатшылық Австрия Республикасының Есеп палатасының Венадағы ғимаратында орналасқан. Ұйымның негізгі мақсаттарына:

- ЖАО-ға өзара қолдау көрсету;
- идеялар, білім және тәжірибе алмасуға ықпал ету;
- халықаралық қоғамдастық шеңберінде ЖАО-ның танылған жаһандық қоғамдық дауысы ретінде әрекет ету;
- мемлекеттік секторды тексеру үшін стандарттар белгілеу;
- тиісті ұлттық басқаруға жәрдемдесу;
- ЖАО әлеуетін дамытуды, ынтымақтастықты және тиімділікті үздіксіз жетілдіруді қолдау жатады.

Ал келісілген аудитке тоқталатын болсақ, еліміздегі мемлекеттік аудитті реттейтін басты заңы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңының 3- тарау, 17- бап, 4- тармағына сәйкес бірлескен тексеру дегеніміз мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және (немесе) мемлекеттік органдармен, оның ішінде басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен келісілген мерзімдерде бірыңғай бағдарлама және мемлекеттік аудит тобы шеңберінде бірлесіп жүргізілетін тексеру болып табылады және оның нәтижелері бойынша бірыңғай қорытынды құжат қабылданады. [1] Бұл заңда қатар аудит туралы да анықтама бар, осы аудит түрлерінің айырмашылықтарын білу үшін келесі кестеге назар аударайық.

1- кесте

Келісілген аудиттің отандық және шетелдік дереккөздердегі анықтамалары


№	Анықтамасы	Дереккөздер
1	2	3
1	Қатар тексеру- – кейіннен тексерулер нәтижелерімен алмаса отырып, басқа мемлекеттік органдар, оның ішінде басқа елдердің жоғары мемлекеттік аудит	ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы

	органдары келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша дербес жүргізетін тексеру болып табылады.	№ 392-V Заңы [1]
2	Келісілген аудит-бұл екі немесе одан да көп аудит органдары қатысатын аудит.	Алибекова Б.А. «Мемлекеттік аудит: тереңдетілген» оқу құралы [2]
3	Келісілген (қайталанатын) аудитті аудитор тұрақты негізде қайта жүзеге асырады. Мұндай ынтымақтастық екі жаққа да ыңғайлы, өйткені аудитор объектінің күшті және әлсіз жақтары туралы ақпарат бере алады.	«Аудит және аудиторлық қызмет туралы жалпы ұғымдар» мақаласы [3]
4	Параллель аудит дәстүрлі түрде ЖАО қатысушылары өз елдерінде аудиттің бірдей мақсаттарын қабылдайтындығын және аудиттің тиісті критерийлері мен әдістерін бірлесіп белгілейтінін білдіреді. Алайда, әрбір ЖАО аудитті қалай жүргізу керектігін және аудиттің қандай нақты критерийлері мен әдістерін қолдану керектігін шеше алады.	Concept Framework of Coordinated Parallel Audit of Public Debt Management Information Systems [4]
5	Үйлестірілген аудит Украинаның ЖАО-сы, әсіресе ұлттық аудиттердің ескертулері мен қорытындыларын жалпылау және бірлескен құжаттардың жобаларын ұсыну кезінде қатысатын ЖҚБО-ның үлесін талдайтын бірлескен аудит бағдарламасын әзірлейтін аудиттің үйлестірушісі болады дегенді білдіреді.	
Ескерту- Кесте көрсетілген дереккөздер негізінде авторлармен құрылған.		

Бұл кестеден келісілген аудиттің бірнеше түрлері бар екендігін байқай аламыз: қатар, бірлескен және үйлестірілген. Еліміздің тәжірибесінде бірінші екі түрі қолданылса, Украина, Ресей, Норвегия т.б. мемлекеттерінде үйлестірілген аудит те қолданыста бар. Осы және өзге де деректегі анықтамаларды қорытындылай келе, «келісілген аудит дегеніміз- бірыңғай бағдарлама негізінде екі және одан да көп ЖАО-мен, белгіленген уақытта, алдын ала бекітілген жоспар негізінде жүргізілетін аудит түрі», - деген анықтама бере аламыз. Бұл аудит түрі Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (INTOSAI) 1 «ЖАО арасындағы бірлескен аудит бағдарламалары жөніндегі нұсқаулықта» жазылған аудит түрлерінің бірі болып табылады. Енді бұл ұйымға мүше мемлекеттердің ішінен біз Австралия, Украина және Ресей елдерін мысалға алып, талдайтын боламыз.

Алдымен, Австралияның құрылымына тоқталып өтелік. Австралия- алты штаттың Федерациясы мен екі өзін-өзі басқаратын материктік аймақтан тұрады. Елдің Конституциясы Австралия үкіметі мен штат үкіметтерінің міндеттерін белгілейді. Мемлекеттің алты штаты мен солтүстік территориясы басқарудың тағы бір деңгейін — жергілікті кеңестерді құрған.

Австралия Үкіметінің юрисдикциялары



Дереккөз: Австралия Парламенті [5]

Осы бөліністерге сәйкес, елдің ортақ мәселелерін әр штаттың басты аудит органдары қарастырады және бірігіп аудит жүргізеді. Ал 1997 жылғы «Бас аудитор туралы» Заңға сәйкес Австралияның бас аудиторы Достастықтың мемлекеттік сектор ұйымдарының аудитін жүргізуге және Австралия Парламентінің алдында есеп беруге жауап береді. Австралияның Ұлттық аудиторлық басқармасы (ANAO) бас аудиторға осы функцияларды орындауға көмектеседі. Қоршаған ортаға қатысты ANAO аудиттері, әдетте, тиімділік аудиті бойынша бас аудитордың өкілеттіктеріне сәйкес жүргізіледі. 2019-2021 жылдар аралығында ANAO 84 тиімділік аудитін жүргізген, олардың тоғызы қоршаған орта мен ауылшаруашылығына қатысты.[5] Бұл мақалада осы қоршаған ортаны қорғауға жүргізген аудиттерін қарастыратын боламыз.

Австралия үкіметі қоршаған ортаны қорғауға бөлетін қаражаттың едәуір бөлігін Үкіметтің басқа деңгейлеріне немесе үкіметтік емес ұйымдарға жіберген. 2,6 миллиард долларлық гранттар Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және қоршаған орта министрлігінің (DAWE) 2021-2022 жылдарға арналған жалпы бюджеттік шығындарының 52 пайызын құрайды. Жақында жүргізілген тексерулер барысында ANAO адалдық пен мүдделер қақтығысын басқаруға қатысты кемшіліктерді анықтаған. Австралияның жаңартылатын энергия көздері агенттігінің 2019-2020 жылдарға арналған гранттар Бағдарламасын басқару туралы Бас аудитордың № 35 есебінде (ARENA аудиті) ANAO гранттық қаржыландыруды алушылар да ұйымдарға бағалау қызметтерін ұсынғанын анықтады. ARENA делегаттың осы қақтығыстардың маңыздылығын ескергені немесе маңызды қақтығыстарды шешу әрекеттері құжатталғандығы туралы дәлелдер келтіре алмаған.

Бас аудитордың 2019-2020 жылдардағы № 47 есебінде 1999 жылғы қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау туралы Заңға сәйкес бақыланатын әрекеттерді бағыттау, бағалау және бекіту (EPBC Заңының аудиті) ANAO DAWE экологиялық рұқсаттар туралы ережелерін зерттеді.

Аудит Департамент мүдделер қақтығысымен байланысты екі "жоғары" тәуекелді, Алаяқтықпен күрес жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған жоспарында және бір "орташа" тәуекелді 2017-2019 жылдарға арналған жоспарында анықтағанын көрсетті. Алайда, департамент осы қауіптерді жоюға бағытталған емдеу әдістерінің ешқайсысын қолданбаған. DAWЕ 2019-2020 жылдарға және одан әрі алаяқтық тәуекелдерінің жоспарын жасамады.

Бас аудитордың № 2020-21 стратегиялық су құқықтарын сатып алу туралы есебінде (су құқықтарының аудиті) DAWЕ өткізетін стратегиялық су сатып алу қарастырылды. Аудит көрсеткендей, департамент шенеуніктердің шектеулі тендерлік сатып алуға қатысты кез-келген нақты немесе болжалды мүдделер қақтығысы туралы мәлімдейтініне және бұл талапты жасамайтынына сенді. Мүдделер қақтығысы туралы мәлімдемелер нақты құжатталмаған.

Бұл қатар аудитке мысал бола алады. Себебі, қатар аудит барысында әртүрлі ұйымдар бір мезгілде тексеру жүргізеді. Бұл аудитте алдын-ала жоспарлау, әсіресе аудиттің басымдықтары туралы шешім қабылдау және оларды ЖАО-ның басқа басымдықтарымен біріктіру қиындық тудырады. Сонымен бірге, жүргізілген аудитке қатысты әр түрлі көзқарастардың әсерінен және әр тарап өз аудитін дербес жүргізгенінен, қорытындыны бір ретке келтіріп, ортақ шешім шығару мүмкіндігі төмен.

Австралияда әр штат өзін жақтағандықтан, сенімділік деңгейі мен құжаттау автоматтандырылмағандықтан осындай жағдайға тап болған. Алайда, ANAO адалдық пен мүдделер қақтығысын басқару процестерін күшейтуді қолдап, келесідей ұсыныстар білдірген:

- шешім қабылдау кезінде адалдықты тиісті есепке алуды қамтамасыз ету үшін саясат пен процестерді жетілдіру;
- нақты немесе болжанатын мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі шараларды дәйекті түрде енгізу және хабарлау;
- мүдделер қақтығысының анықталған тәуекелдерін басқаруды және өңдеуді қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, ANAO өз білімімен бөлісіп, экологиялық аудиттің үш жұмыс тобы арқылы басқа ұйымдардан тәжірибе жинап, байланыс жасайды. Олар:

- Экологиялық аудит жөніндегі Австралия бас аудиторлар кеңесінің (ACAG) және Тынық мұхиты жоғары аудит органдарының қауымдастығының (PASAI) өңірлік жұмыс тобы;
- Экологиялық аудит жөніндегі Азия жоғары аудит органдары ұйымының (ASOSAI) жұмыс тобы;
- Экологиялық аудит жөніндегі жоғары қаржылық бақылау органдарының (ИНТОСАИ) халықаралық ұйымының жұмыс тобы.

Бұл жұмыс топтары балама әдістемелер, аудит құралдары мен тәсілдері және оларды әртүрлі контексте қолдану туралы маңызды ақпарат береді. Үкімет өкілдерінің, халықаралық спикерлердің және тиімділік аудиті жөніндегі мамандандырылған органдардың қатысуы сондай-ақ ANAO аудит бағдарламасын іске асыруға қатысты маңызды ақпаратты береді.

Байқағанымыздай, Австралияда келісілген аудит деп нақты аталмаса да, ынтымақтастық арқылы бұл аудит түрін жүргізіп, тәжірибе алмасады.

Ал Украина мен Ресей мемлекеттері ТМД елдерінің қатарына кіргендіктен, келісілген аудит «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдарының бірлескен және қатар бақылау және сараптамалық-талдау іс – шараларын (аудитін) ұйымдастыруы және жүргізуі туралы» стандартымен реттеледі.

Стандартқа сәйкес бірлескен іс – шараларды (аудитті) жүргізу үшін құрамы бірлескен іс-шараны (аудитті) жүргізу бағдарламасында айқындалатын іс-шараға (аудитке) қатысушы ЖҚБО өкілдерінен бірлескен топтар қалыптастырылады.[6]

Бірлескен және қатар іс-шараларды (аудитті) ұйымдастыру және жүргізу процесі мынадай дәйекті жүзеге асырылатын кезеңдерді қамтиды:

- іс-шараны (аудитті) жүргізу туралы өтінішті жіберу және қарау;
- іс-шара (аудит) өткізу туралы шешім қабылдау;
- бірлескен (қосарлас) бақылау (сараптамалық талдау) іс – шарасын (аудитті) өткізу туралы келісімді (бұдан әрі-келісім) дайындау және қол қою;
- іс-шараны (аудитті) жүргізу бағдарламаларын (бағдарламаларын) дайындау және бекіту;
- іс-шараны (аудитті) жүргізу;
- іс-шара (аудит) нәтижелері бойынша құжаттарды дайындау және ресімдеу;
- іс-шара (аудит) нәтижелері бойынша шешімдер дайындау және қабылдау;
- іс-шара (аудит) нәтижелері бойынша шешімдердің орындалуын мониторингтеу және талдау.

Осындай іс-шаралардың барлық кезеңдерінде ресімделетін бірлескен және қатар іс-шаралардың (аудиттің) құжаттары келісімдерде айқындалған тілдерде дайындалады.

Бірлескен және қатар іс-шараларды (аудитті) дайындау және жүргізу кезінде ЖҚБО өзара іс-қимылының негізгі нысандары мыналар болып табылады:

- ЖҚБО өкілдерінің байланыс және жұмыс сапарлары;
- консультациялар өткізу;
- ақпарат алмасу;
- бірлескен іс-шараларды (аудитті) жүргізу әдістерін келісу, оларды жүргізу барысында туындайтын проблемалар мен мәселелерді шешу.[6]

ЖҚБО-ның өзара іс-қимылы олардың ынтымақтастық туралы келісімдерді, ЖҚБО мемлекеттерінің заңнамасын, тәуелсіз аудиттің (бақылаудың) халықаралық құқықтық қағидаттарын сақтауына, сондай-ақ өзара құрмет, сенім, тең құқылық және әріптестік қағидаттарына негізделуге тиіс. ЖҚБО арасында бірлескен және қосарлас іс-шараларды (аудитті) ұйымдастыру, жүргізу және нәтижелерін ресімдеу мәселелері бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ЖҚБО оларды шешу үшін келіссөздер мен келісу рәсімдері жүргізіледі.

Бірлескен және қатар іс – шараларға (аудитке) қатысушылар-ЖҚБО-ның мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияға жатқызылған ақпаратпен алмасу мүмкіндігі келісімдерде осы ЖҚБО-ның ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалады. Іс-шараларды (аудитті) орындаушылардың құрамына кіретін ҰОС қызметкерлері болу мемлекетінің заңнамасын, осындай іс-шараларды (аудитті) жүргізу қағидалары мен рәсімдерін және келісімдердің шарттарын сақтауға міндетті.

Мемлекеттердің аумағында бірлескен іс-шаралар (аудит) объектілері орналасқан ЖҚБО осындай іс-шаралардың (аудиттің) барлық қатысушыларына анықтамалық құқықтық жүйелерге қол жеткізуді, сондай-ақ бірлескен іс-шаралар (аудит) жүргізу үшін қажетті заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ресми аудармасын ұсынуды қамтамасыз етеді. Бақылау (аудит) объектілерінде бірлескен және қатар іс-шараларды (аудитті) жүргізу нәтижелері келісімде көрсетілген құжаттармен ресімделеді және оған осы объектілерде іс-шараларды (аудитті) жүргізген ЖҚБО өкілдері қол қояды.

Бұл Стандарт бойынша Белоруссия, Армения, Қырғызстан, Молдавия, Тәжікстан, Қазақстан сияқты мемлекеттерде де келісілген аудит реттеледі. Себебі, олар ТМД мемлекеттерінің құрамына кіреді.

Ресей Федерациясының тәжірибесінде келісілген аудиттің үш түрін кең қолдану концепциясы анық байқалады. Мысалы, 2011-2013 жылдары қатарынан бір мезгілде әртүрлі мақсаттағы, әртүрлі ұйымдармен/елдермен 10 шақты аудит жүргізілген. Кейбіріне тоқталып өтсек, 2011-2013 жылдары «Биологиялық толыққанды құрама жем өндіруге арналған перспективалы ресурс үнемдейтін экологиялық таза технологиялар мен жабдықтарды әзірлеу» бірлескен бағдарламасын іске асыруға бөлінген одақтас мемлекет бюджеті қаражатының пайдаланылуына бірлескен тексеру жүргізілді. [7]

2013 жылы есеп палатасы Вьетнамның ЖҚБО-мен бірлесіп «Ниньтхун-1» АЭС құрылысының инвестициялық жобасының бастапқы кезеңін тексеру бойынша параллельді бақылау қызметін жүргізген.

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2012 жылы Ресей Федерациясы Есеп палатасының «әріптестер аудиті» деп аталатын тексеру жүргізуі Ресей мен Қазақстан арасындағы екі жақты қатынастардың дамуындағы елеулі оқиға болды.

«Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімге сәйкес электр энергетикасы саласындағы бірлескен ресейлік және қазақстандық жобаларды іске асыру мониторингі» сараптамалық-талдау қызметі туралы шартты түпкілікті бекіткен. Іс-шараның мақсаты- Ресей мен Қазақстан арасындағы электр энергетикасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал ету болған.

Бұл мысалдардан түйетініміз көп. Мәселен, келісілген аудит елдер арасындағы ынтымақтастықты орнатып қана қоймай, сонымен қатар, тәжірибе алмасу, бір мезгілде бірнеше іс-шара өткізу арқасында мәселелердің тез уақытта шешілуіне ықпал ету, аудит барысындағы тәуелсіздікті нығайту сияқты функцияларды орындайды. Бұл аудиттің тек екі түрі еліміздің тәжірибесінде бар. Дамыған басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып,

үйлестірілген аудитті де қолданысқа енгізсек, бірлескен және қатар аудиттің жағымды жақтарын таңдап, еліміздің өзекті мәселелерін халықаралық деңгейде жүргізуге мүмкіндік туар еді.

Австралияның тәжірибесіндегідей шешім қабылдауда кейбір қиындықтар туса да, Ресейдің мысалындағыдай өте өзекті ғаламдық мәселелерді шешуде маңызды аудит түрін одан әрі дамыту еліміздің мемлекеттік аудит жанашырларының қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы- [электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392> (дата обращения: 20.03.2022)
2. Алибекова Б.А. Государственный аудит (продвинутый). Оқу құралы. Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ - 2021. – 286 б.
3. Аудит және аудиторлық қызмет туралы жалпы ұғымдар. Тувинский Государственный Университет- [электрондық ресурс] – URL: https://www.executive.ru/wiki/index.php/%D0%92%D0%B8%D0%B4%D1%8B_%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B8%D1%82%D0%B0 (дата обращения: 20.03.2022)
4. Concept Framework of Coordinated Parallel Audit of Public Debt Management Information Systems// Accounting Chamber of Ukraine- [электрондық ресурс] – URL: https://www.intosaicommunity.net/wgpd/content/annual-meeting-2012/12UkrParallAudit_i.pdf (дата обращения: 20.03.2022)
5. Themes from the Australian National Audit Office's recent environmental audit coverage// Australian National Audit Office (ANAO) - [электрондық ресурс] – URL: <https://www.anao.gov.au/work/speeches-and-papers/themes-the-australian-national-audit-office-recent-environmental-audit-coverage> (дата обращения: 24.03.2022)
6. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдарының бірлескен және қатар бақылау және сараптамалық-талдау іс – шараларын (аудитін) ұйымдастыруы және жүргізуі туралы" стандарты- [электрондық ресурс]- 2016- URL: <https://e-cis.info/cooperation/3122/> (дата обращения: 21.03.2022)
7. Important International Joint and Parallel Audits// Accounts Chamber of the Russian Federation- [электрондық ресурс] – URL: <https://ach.gov.ru/en/page/important-international-joint-and-parallel-audits/>